

акцияларының жалпы санының 97,26 пайызын құрайды, 2013 жылғы 11 сәуірдегі №33 сенімхат негізінде әрекет ететін Надежда Ивановна Бучукина ханымның танытуында.

The Bank of New York Mellon, «БТА Банкі» АҚ жәй акцияларына сәйкес келетін ғаламдық депозитарлық қолхаттарды ұстаушылардың өкілі, 2013 жылғы 23 желтоқсандағы сенімхат (Power of Attorney) негізінде әрекет ететін Анар Аяновна Уракова ханымның танытуында.

Өзге акционерлер және олардың өкілдері

Барлық қатысушы акционерлер тіркелді және акционерлер өкілдерінің құқықтары тиісті түрде тексерілді. Барлық акционерлерді және олардың өкілдерін тіркеу кезінде «БТА Банкі» АҚ кезектен тыс акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар, сондай-ақ, дауыс беру карточкалары қолдарына табыс етілді.

Жоғарыда аталған тіркеу қорытындыларын ескеріп, С.О.Тулеуова, «БТА Банкі» АҚ Акционерлерінің Кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу және оның күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешім қабылдауға қажетті кворумның жиналғандығын хабарлады.

С.М.Дугашев жиналыс қатысушыларын қошеметтеп, «БТА Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын ашты және жиналысты өткізу үшін жұмыс органын сайлау жөнінде ұсыныс жасады:

С.М.Дугашев «БТА Банкі» АҚ Корпоративтік Хатшысы Сахильжан Маликович Дугашевті Жиналыс төрағасы етіп сайлауды ұсынды.

Ұсыныс дауыс беруге ұсынылды.

Дауыс беру: «бір акционер» - «бір дауысқа ие» қағидасы бойынша жүргізіледі.

С.О.Тулеуова дауыс беруге 20 акционер қатысқандығын хабарлады және **дауыс беру қорытындыларын** жариялады:

«Қолдағандар» - 20 дауыс;

«Қарсы дауыс бергендер» - жоқ.

«Қалыс қалғандар» - жоқ.

С.М.Дугашев Дауыс беру қорытындысы бойынша **Жиналыс төрағасы ретінде - «БТА Банкі» АҚ Корпоративтік Хатшысы Сахильжан Маликович Дугашевті сайлау туралы** шешім қабылданғандығын жариялады.

С.М.Дугашев жиналыс хатшысы етіп – «БТА Банкі» АҚ Корпоративтік хатшысының көмекшісі Ольга Владимировна Питулованы сайлауды ұсынды.

Ұсыныс дауыс беруге ұсынылды.

Дауыс беру: «бір акционер» - «бір дауысқа ие» қағидасы бойынша жүргізіледі.

С.О.Тулеуова дауыс беруге 20 акционер қатысқандығын хабарлады және **дауыс беру қорытындыларын** жариялады:

«Қолдағандар» - 20 дауыс;

«Қарсы дауыс бергендер» - жоқ.

«Қалыс қалғандар» - жоқ.

1. «БТА Банкі» АҚ келесі құрамдағы әрекет етуші Санақ комиссиясының өкілеттіктерін 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап мерзімінен бұрын тоқтату: а) Аркен Туйгунович Айтбаевтың, б) Ольга Евгеньевна Белобородованың, в) Олеся Александровна Иванованың, г) Рауан Керимбердиевтың, д) Сауле Орынғалиевна Тулеуованың;
2. Санақ комиссиясының негізгі құрамына 3 адам, Санақ комиссиясының резервтік құрамына 2 адам, яғни жалпы 5 адамнан құралатын «БТА Банкі» АҚ Санақ комиссиясының құрамын анықтау. «БТА Банкі» АҚ Санақ комиссиясының резервтік құрамына кіретін мүшелері «БТА Банкі» АҚ Санақ комиссиясының негізгі құрамының қандай да бір мүшелері болмаған кезеңде Санақ комиссиясы мүшелерінің міндеттерін орындайды;
3. «БТА Банкі» АҚ келесі құрамда жаңа Санақ комиссиясының мүшелерін сайлау: а) Аркен Туйгунович Айтбаев, б) Олжас Оскенбаевич Жылқайдаров, в) Мария Юрьевна Козлова, г) Роман Николаевич Поликарпов, д) Серик Бакытович Смагулов;
4. «БТА Банкі» АҚ Санақ комиссиясының барлық жаңа мүшелерінің өкілеттіктерін 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап 3 жылға белгілеу.

Жиналыс Төрағасы акционерлерге және акционерлердің өкілдеріне күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сұрақ қоюды ұсынды.

«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі Бучукина Н.И. Санақ комиссиясы өкілеттігінің мерзімін 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап өзгерту бойынша негізгі акционердің бағытын жария етті.

Жиналыс Төрағасы Дугашев С.М. дауыс беруге: « «БТА Банкі» АҚ Санақ комиссиясының әрекет етуші құрамының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, "Самұрық-Қазына" АҚ ұсынысын ескеріп, «БТА Банкі» АҚ Санақ комиссиясы мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау және сайлау туралы" мәселені ұсынды.

Қатысушы акционерлер және акционерлердің өкілдері дауыс беруге кірісті.

Дауыс беру: «бір акция» - «бір дауысқа ие» қағидасы бойынша жүргізіледі.

С.О.Тулеуова дауыс беруге жиынтығында 623 986 050 530 дауысқа ие акционер қатысқандығын хабарлады және **дауыс беру қорытындыларын жариялады:**

«Қолдағандар» - 623 986 050 530 дауыс;

«Қарсы дауыс бергендер» - жоқ;

«Қалыс қалғандар» - жоқ.

Жиналыс Төрағасы С.М.Дугашев дауыс беру қорытындысы бойынша шешім қабылданғандығын жариялады:

1. «БТА Банкі» АҚ келесі құрамдағы әрекет етуші Санақ комиссиясының өкілеттіктері 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылсын: а) Аркен Туйгунович Айтбаевтың, б) Ольга Евгеньевна Белобородованың, в) Олеся Александровна Иванованың, г) Рауан Керимбердиевтың, д) Сауле Орынғалиевна Тулеуованың;

